



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

*11.06.2021 ж.*

Алматы қ.

№ *01/04-9317*

г. Алматы

### Диссертациялық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 31 наурыздағы № 126 бүйрүгімен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің (әрі қарай – Ереже) 8, 10, 11, 15, 23, 33-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бүйрүгімен бекітілген Дәрежелерді беру қагидаларына (әрі қарай – Дәрежелерді беру қагидалары) және 2021 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі Ғылыми кеңесінің шешіміне (№ 9 хаттама) сәйкес

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. D 028 – Режиссура, D 029 – Театр өнері, D 030 – Эстрада өнері, D 031 – Хореография, D 034 – Өнертану білім беру бағдарламаларының тобы бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін 8D 021 – Өнер даярлау бағыты бойынша Диссертациялық кеңес (әрі қарай – Диссертациялық кеңес) келесі құрамда құрылсын:

#### Диссертациялық кеңестің төрағасы:

Каржаубаева Сангуль Камаловна – өнертану докторы, сценография кафедрасының менгерушісі, профессор (17.00.09);

#### Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:

Нұрпейіс Бақыт Кәкиқызы – өнертану докторы, театр өнерінің тарихы мен теориясы кафедрасының профессоры (17.00.09);

#### Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы:

Негербек Баубек Бауыржанұлы – философия докторы (PhD), киноның тарихы мен теориясы кафедрасының доценті (6D041600);

#### Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

Бегалинова Гульнар Абдрахмановна – өнертану кандидаты, эстрадалық оркестр аспаптары кафедрасының профессоры (17.00.02);

#### басқа ЖОО-дың өкілдері:



Сайтова Гульнара Юсуповна – өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының өнертану және арт-менеджмент кафедрасының профессоры (17.00.01);

Асылбекова Айман Мухтарбековна – өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университетінің өнертану кафедрасының меншгерушісі (17.00.04);

#### **шетелдік ғылыми ұйымдардың өкілдері:**

Каримова Нигора Ганиевна – өнертану докторы, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Өнертану институтының кино және ТВ бөлімінің меншгерушісі (17.00.03).

2. Диссертациялық кеңестің өкілеттік мерзімі 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін айқындалатсын.

#### **3. Диссертациялық кеңес:**

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдауды жүзеге асыруға;
- 2) ұсынылған диссертациялардың Дәрежелерді беру қағидаларында белгіленген критерийлерге сәйкестігін анықтауға;
- 3) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізуғе;
- 4) құнтізбелік жыл аяқталған соң Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп беруге;
- 5) Академияның интернет-ресурсында Ереженің 23-тармағында көрсетілген докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы материалдарды орналастыруға;
- 6) Диссертациялық кеңес құрылғаны туралы ақпарат ректор бүйрекші шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Академияның интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

#### **4. Диссертациялық кеңес:**

- 1) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және реєнзенттерді тағайындауға;
- 2) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия құруға;
- 3) диссертация бойынша тәуелсіз сарапшыларды тағайындауға;
- 4) докторантты қорғауға жіберуге немесе диссертацияны қорғаудан алып тастауға;
- 5) диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдауға;
- 6) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуға құқылы.

#### **5. Диссертациялық кеңес төрағасы:**

- 1) диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылық жасауға;
- 2) диссертациялық кеңестің отырысын өткізуға;
- 3) диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдауды жүзеге асыруға;

- 4) кафедрадағы алдын ала қорғау отырыстарына қатысуға, қорғау мерзімін анықтауға;
- 5) қорғау бойынша диссертациялық кеңестің отырысына даярлық процесін бақылауды жүзеге асыруға және өтініштерге қол қоюға;
- 6) диссертациялық жұмыстың толық мәтінімен танысуға, талдау жүргізуғе;
- 7) белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 8) диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты болуға міндettі.

6. Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:

- 1) диссертациялық кеңестің төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болған жағдайда, сондай-ақ диссертациялық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының қызметін орындаиды.

7. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы:


- 1) докторант ұсынған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруге (хабарландыру, аннотация, диссертация мәтіні, жарияланым тізімі, рецензияларды түзетуге, редакциялауға);
- 2) қорғау бойынша құжаттардың сайтқа мерзімінде орналастырылуын бақылауға;
- 3) диссертацияны қорғағаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін қалыптастыруға;
- 4) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу үшін қажетті құжаттарды дайындауға;
- 5) философия докторы (PhD) дәрежесін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті және диссертациялық кеңестің күнтізбелік жылдағы жұмысы туралы есепті дайындауға;
- 6) қорғау рәсімін бақылауға;
- 7) докторанттардың ЖКОО кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығына (бұдан әрі - ЖООКББФЗО) құжаттар мен материалдарды уақтылы ұсыну жұмыстарын қамтамасыз етуге міндettі.

8. «Диссертациялық кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі ректорының 2019 жылдың 17 сәуірдегі № 01/04-57П бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

9. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы А.Кульшанованың қызметтік хаты.

Ректор



А.Абдуалиев

